

Мектеп алды даярлық «б» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Абдижалелова А.Ж

Сынып жетекшісі: Махмут М.М

Білім беру ұйымы: М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ

Балалардың жасы : 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 30 қаңтар-03 ақпан, 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата – анамен әңгімелесу. Ата –аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын сабақ басталатын уақытқа дейін үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға керекті құрал –жабдықтарды әкелуін өтіну.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Менің балабақшам» Суреттер әлеміне саяхат	«Пішіндерді орналастыр және суретін сал» ойыны Мақсаты: Пішіндерді ұяшықтарға түстеріне және көлеміне сәйкес орналастырады. Дөңгелек пішінді мүсіндеу.	«Өз үйін тап» ойыны Мақсаты: үлкен – кіші ұғымдары туралы түсінік беру.	«Өз орнын тап» ойыны Мақсаты: түстерді тануға үйрету.	Үстел -үсті ойыны пазл: «Үйшік құрастыр» Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін дамыту.

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӘ)</p>	<p>Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсыңбізгеқуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да!</p>	<p>Көк аспанда күнкүлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін, Жерге ұдайы нұр құйсын. Көк аспанда күн күлсін, Ұл қолында ту жүрсін. Қыз қолында гүл жүрсін, Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін.</p>	<p>Күндей жадырап, Айдай арайлап, Жұлдыздай жарқырап, Судай мөлдір таза көңілмен Бүгінгі күнді бастайық.</p>	<p>Жарқырап,күн де ашылды Айналаға гүл шашылды. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз.</p>	<p>Армысың шапағатты Күн-Ана! Армысың қайырымды Аспан-Ана! Армысың мейірімді Жер-Ана! Құт дарыт, бар әлемді жарылқа!</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӘ</p>	<p>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</p>				
	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу Мақсаты: – Қыс белгілері жайлы әңгімелесу. Балалар, осы қыс мезгілінің қызықтарын айта отырып әңгіме құрайық. Даладағы аппақ қар күмістей жарқ-жұрқ етеді. Қардың аппақ тазалығы сондай, бетіне ештең тастағың келмейді. Енді</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті Жай сөйлемдерді сөздерге бөлу Мақсаты сөйлем, дыбыс туралы білімдерін пысықтау. Дидактикалық ойын: «Көпше түрін айт» – Мен сендерге допты лақтырып бір сөз айтамын, сендер сол сөздің көпше (көп) түрін айтып допты кері лақтырасындар. Мысалы: қыз-қыздар, ұл-ұлдар, аға-ағалар, дәптер-дәптерлер ,қозы-қозылар, жүзімжүзімдер, орындық-орындықтар, алма-алмалар, қоян-қояндар, түлкі-түлкілер, жіпжіптер, ине-инелер, көбелек-көбелектер, етік-етіктер, сақина- сақиналар,</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті - Дыбыстық талдау жасау дағдыларын пысықтау. Мақсаты дыбыстық талдау жасау дағдыларын пысықтау. Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша» Педагог дыбыстар айтады егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру Мақсаты .дыбыстық талдау жасау дағдыларын пысықтау. Дидактикалық ойын: «Сөз тізбегі» Педагог бір сөз айтып допты балаларға лақтырады, допты қағып алған бала сол сөздің соңғы</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: Қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. Мақсаты: ертегі мазмұнын интонациямен мазмұндау арқылы сахналауға баулу.</p>

	<p>сендер осы қыс қызықтары туралы әңгіме құраңдар. Балалардың әңгімелерін тыңдайды. Өте жақсы тағы да кім құрап береді. Қыс мезгілінде сендер қармен көп ойнайтындарың ды әңгімелеріңнен байқадым. Қар туралы «Қар қандай?» ертегісін оқып берейін. «Қар қандай?» Бірде құстар дауласады. Олар қардың, кәдімгі қардың қандай болатынын анықтайды. Ұшып жүріп сұрақ қояды: Қар қандай болушы еді? Алтындай жарқырап тұрады, – дейді Таң. Көгілдір түсті, – дейді мұнтаздай көгілдір Аспан. Тастай суық, – деп жауап береді Үйрек, тұмсығын қанатының астына тыға түсіп. Жып-жылы шығар, – деп жауап қатады Тауық. Жеп-жеңіл! Сондай жеңіл! – деп шу ете қалады Жел. Сондай ауыр! Кереметтей ауыр! – деп күрсінеді ағаш Бұтақтары. Күмістей, әрине! – деп күлімсірейді аспандағы сұлу да сымбатты Ай. Жер-көкті шарлаған құстар алуан түрлі жауаптар естиді,</p>	<p>дыбысдыбыстар, мысық-мысықтар, қасқыр-қасқырлар, аю-аюлар, жылқы-жылқылар т.б.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Соңғы дыбысты ұста!» Балалар бүгін біз шеңберде сөз тізбегін жасаймыз. Мен «құмыра» сөзін айтып бастаймын да, соңғы «а» дыбысын созып тұрамын, келесі бала соңғы дыбыстан басталатын сөз ойлап, қолмен ұстағандай қимыл жасайды, соңғы дыбысқа жаңа сөз айтып, соңғы дыбысты созып айтады. Балалар созып айтқан дыбысқа сөз айтып, ойынды жалғастырады (ойын осылай жалғасын табады). Мысалы: Құмырааа - алмааа - айраннн - наррр - раушаннн - найзағайй - инеее - ешкііі - іззз - зырылдауық - қамшыыы - ыдыссс - сағаттт - тасбақааа - алтыбақаннн - наннн - намыссс - сазаннн - нағашыыы - ысқырықққ - қанттт т.б.</p>	<p>болса, көк жалаушаны желбіретеді. Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер» Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл дөңгелекті көтереді.</p>	<p>дыбысынан басталатын сөз айтып, допты бір балаға лақтырады. Ойын осылай жалғасын табады. Мысалы: (ана-арба-алмұрт- тарақ-қармақ- қалта-айран-нан-нағашы- ыдыс-сағыз- зәкір-рауғаш- шана-алтын-неге- етік-көмір т.б.)</p>	<p>Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: Ертегі қалай аталады? Ертегі ұнады ма? Ертегіде не туралы айтылған? Қай кейіпкер саған ұнады? Орманда мысықпен бірге не өмір сүрді? Мысық қайда кетеді? Әтешті түлкі қалай алдады? Мысық әтешті қалай құтқарды? Түлкінің жасағаны дұрыс па? Есінде сақта! Дос болсаң, берік бол, Досыңа серік бол. Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады. Сиқырлы қоржыннан алынған ертегі кейіпкерлерінің суреттері бойынша рөлдерге бөлінеді</p>
--	--	---	--	--	--

	<p>бірақ олар әртүрлі болып шығады. Балалар қар қандай?– деген сұраққа әр қайсысы әртүрлі жауап берді, неге?</p>				
--	--	--	--	--	--

Үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Допты қуып жет»

Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:
Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның , шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа.
Ағайынды аралар.
Ағайында арарармыз,
Еңбек үшін жаралғанбыз.
-3-3-3-3-3
Шырын іздеп күні бойы
Гүл бақшаны аралаймыз
-3-3-3-3-3
(Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.)
Жаман ара
Қалмай ұшып соңынан,
Ара қуды Мұратты.
-3-3-3-3
Шағып алып қолынан,
Досымызды жылатты.
-у-у-у-у
(Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал)



Ойын: «Допты қуып жет»

Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.

Ойынның шарты:

Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады.

Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.

	<p>Қоршаған орта Міндеті: -Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу Мақсаты Балалардың өсімдіктерге күтім жасау, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту Практикалық жұмыс. – Балалар, енді Қоянға өсімдіктерді қалай күту керек екендігін көрсетейік. Балалар алжапқыштарын киеді, қолдарына таяқшаларын, су сепкішті алады. – Өсімдік жақсы өсу үшін не керек? – Өсімдік жақсы өсу үшін ауа, жарық керек. Олай болса, өсімдіктерді жарық жерге қойып, өсімдіктерге күтім жасайық. Балалар екі-үштен бірігіп, топтағы өсімдіктердің топырағын қопсытып, су құяды.</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру Мақсаты : геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптастыру «Сиқырлы дорба» ойыны. «Сиқырлы дорбада» - шар, текше, цилиндр, шаршы, үшбұрыш, шеңбер бар. Ал үстелде олардың суреттері бар. Педагог ойын жағдайын жасайды: – Балалар, геометриялық фигуралар мен денелер өмір сүрген, бір патшалықта бақытсыздық болды. Зұлым сиқыршы сиқырлы таяқшаның бір соққысымен оның барлық тұрғындарын терең зыңданға жіберді. Оларды құтқарудың бірден – бір жолы – оның қандай зат екенін, қолымен ұстап,</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - Пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыру Мақсаты: геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптасатыру Ойын жаттығуы. «Пішінге ұқсас зат». Жұптық жұмыс. Үстелдерде пішіндердің: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету Мақсаты геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптасатыру «Шын немесе жалған» дидактикалық ойыны Педагог зат пен форманы атайды. Мысалы, «доп дөңгелек», «қорап доп тәрізді». Егер</p>	<p>Қоршаған орта Міндеті: - .Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу Мақсаты Нанға деген ұқыпты қатынасқа тәрбиелеу, бидай өсіру мен нан өндіруге қатысатын адамдардың еңбегіне құрмет көрсету. Сурет салу икемділігін арттыру Нан неден жасалады екен? Ұн неден жасалады? Бидай қайда өседі? Бидайды кім өсіреді? Диканшы дегеніміз кім? Диірменші дегеніміз кім? Наубайшы дегеніміз кім? Сатушы дегеніміз кім? Балалардың жауаптарын толықтырып, суреттер арқылы көрсетеді. Дикандар көктемде жерге бидай тұқымын себеді. Оны жаз бойы суарып,</p>
--	---	---	--	--	---

	<p>1. Топырақты таяқшамен қопсытамыз.</p> <p>2. Жапырақтарының шаңын жұмсақ шүберекпен сүртеміз.</p> <p>3. Су құямыз.</p> <p>4. Жапырақтарына су бүркеміз.</p> <p>– Өсімдіктердің жапырағы, тамырына зақым келтірмес үшін, күту жұмысын қалай орындадыңдар?</p> <p>– Мұқият, ұқыпты, баппен, мейіріммен.</p> <p>– Жарайсыңдар, балалар! Сендер Қоянға өсімдіктерді күтуді үйреттіңдер. Енді ол да өсімдіктер өсіретін болады.</p> <p>– Ал енді олар неге бөлме өсімдіктері деп аталады?</p> <p>– Өйткені олар бөлмеде өсіріледі.</p>	<p>сипалау арқылы анықтап және оның суретін табу. Балалар кезек-кезек екі қолымен фигураларды ұстап қарап, оны дорбадан шығарады, оның суретін тауып, үстіне фигураны қояды. Балалар көздерін жұмып, әрқайсысы команда бойынша дорбадан заттарды алады. Қозғалыстар мәтін бойынша орындалады</p>	<p>жинақтары салынған хатқалта жатыр. Тапсырманы түсіндіреді. Кез келген бала хатқалтадан пішінді шығарып, оны атайды, ал екінші бала қоршаған ортадағы осындай пішіндегі затты атайды.</p>	<p>мәлімдеме дұрыс болмаса, онда балалар қолын айқастыра көкірегіне қояды немесе бастарын шайқайды. Егер дұрыс болса – қол шапалақтайды.</p>	<p>күтіп баптайды. Күз болған соң жайқалып піскен бидайды комбайнмен жинайды. Одан соң диірменші ұн етіп тартып, қапқа қаптайды. Қапталған ұнды наубайханаға жібереді. Наубайшылар ұннан түрлі тағамдар нан, бауырсақ, бәліш пісіреді. Дайын болған тағамдарды дүкенге жібереді. Мұның бәрі адамдардың еңбегі. Нан-адамның тіршілік корегі, дастарханға үлкен еңбекпен келеді.</p> <p>Сондықтан дастарханға зор еңбекпен келген нан тағамдарын қастерлеуіміз керек.</p> <p>Енді балалар, нанның суретін салайық.</p>
--	--	--	---	--	--

Үзіліс:

Саусақ ойындары

Ойын: Су толтыру.

Саусақ ойыны: Жүретін саусақтар.

Дидактикалық ойын:

«Домино»

<p>Мақсаты:Қол ептілігін дамыту,ас ішкенде қалай отырып,қасықты қалай ұстайтынын,ыдыстар қалай тұратынын үйрету.</p> <p>Керекті құралдар:шұңқыр қасық,шұңқыр тәрелке мен күрешке.</p> <p>Мазмұны: Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз.Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді.Ыдыстағы суды қасықпен алып,ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз.Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады.</p>	<p>Мақсаты:Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.</p> <p>Керекті құралдар: Суреттері бар кітапшалар.</p> <p>Шарты: Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.</p>	<p>Мақсаты: «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс атату, оның атқаратын қызметімен таныстыру.</p> <p>Ойын шарты: Суреттері сәйкес келетін карточкаларды біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.</p> <p>Қажетті құралдар: Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлімдері 5×6см карточкалар.</p>
---	--	---

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қазақ тілі Міндеті: Шағын өлеңдер тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу Мақсаты :Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті - Шағын өлеңдер тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу Мақсаты: Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру Мақсаты -Қыс белгілері жайлы әңгімелесу.</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: Рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру Мақсаты ертегі мазмұнын интонациямен мазмұндау арқылы сахналауға баулу.</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - - Балаларды ер адамға арналған баскиімнің түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен, баскиімнің басқа да киімдерден өзгешелігімен таныстыру -аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды</p>
--	--	--	---	---	---

<p>үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру.</p> <p>Тақпақ жатта.</p> <p>Мемлекеттік Елтаңба</p> <p>Елтаңбамыз – ел беті,</p> <p>Төрге ілінер көрнекі.</p> <p>Анам таққан шолпыдай</p> <p>Дөп-дөңгелек, өрнекті.</p>	<p>«Мнемо кестесі» бойынша</p> <p>Мемлекеттік Елтаңбаны сипатта, сөйлем құра.</p> <p>– Елтаңбада шаңырақ бейнеленген.</p> <p>– Елтаңбада тұлпар бейнеленген.</p> <p>– Елтаңбада жұлдыз бейнеленген.</p>	<p>Балалар енді «қыс» сөзіне дыбыстық талдау жасату әріп қималарымен.</p> <p>Қ– дауыссыз дыбыс.</p> <p>Ы – дауысты дыбыс.</p> <p>С– дауыссыз дыбыс.</p> <p>Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз?</p> <p>Ал дауыссыз дыбысты ше?</p> <p>Дидактикалық ойын:</p> <p>«Қай мезгілде ойнаймыз?»</p> <p>Ойын шарты: Шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп суреттеріне қарап, қай мезгілде ойнайтынын айту.</p>	<p>Педагог балаларға жұмбақ жасырады:</p> <p>Бұрап қойған сағаттай, Айғайлайды таң атпай. (Әтеш)</p> <p>Жолбарысқа ұқсайды, Тек тышқанды ұстайды. (Мысық)</p> <p>Өзі айлакер, өзі бір қу, Жүрген жері айғай-шу. (Түлкі)</p> <p>Мысық, әтеш, түлкі туралы қандай ертегі білесіңдер?</p> <p>Бүгін біз «Мысық, әтеш және түлкі» деген орыс халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегініңөлеңнен айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан шығарады.</p>	<p>ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншак, дән және т.б.) безендіру</p> <p>-жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру</p> <p>-- Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін</p> <p>-Мақсаты:- балаларға тымақты бейнелеп салуға,мүсіндеуге,жапсыруға,құрастыруға үйрету</p> <p>Топтық жұмыс</p>
---	--	--	--	--

Үзіліс: .

«Гүлдерді күтеміз» ойыны

Мақсаты: балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді.

Ойын шарты: гүлдерді екіге бөлу, дала гүлдерін газонның қасына іліп, ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою, суреттер бойынша әнгімелету.



Қимылды ойын: «Ту».

Мақсаты: Топтағы қарым-қатынасты нығайту.

Ойынның шарты: Балалар 3-4 топқа бөлінеді. Әр топтың ортасында 1 бала ту ұстап тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ойыншылар жан-жаққа жүгіріп, көздерін жұмып тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ту ұстаған балалар орындарын ауыстырады. Тәрбиеші «Өз туларыңды табыңдар» дегенде ойыншылар өз туларына қарай жүгіреді. Қай топ тез жиналады, сол топ жеңеді. (Тулардың түстері әр түрлі болу керек)

Қимылды ойын:

«Шұңқырдағы қасқырлар»

Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу.

Ойынның шарты: Алаңның ортасында ұзын шұңқыр салынды. (1-1,5 метр) Шұңқырдың ортасында екі қасқыр тұрады. Қалған ойыншылар ешкі болады. Ешкілер алаңның бір жақ шетінде үйлерінде тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ешкілер үйлерінен шығып, шұңқырдан секіріп өтіп, жайылымға барады. Қасқырлар шұңқырдан шықпай ешкілерді ұстап алу керек.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:</p>	<p>Музыка Міндеті: Балалар шығармашылығын дамыту, оларды</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Гимнастикалық қабырғада</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа</p>	<p>Музыка Міндеті: - Музыканың ширақ сипатын</p>
--	---	--	--	---	--

	<p>екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді Мақсаты: - Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. «Кокостармен ойнаймыз» Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. Доп ұстаған қолды бастан асыра артқа жіберіп, доптың траекториясы алдыға, жоғары дұрыс ұшу үшін, бүгілген қолды түзу ұстап, допты лақтыру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Доптың артынан залдың сол немесе оң жағынан жүгіріп барып</p>	<p>белсенділікке, дербестікке баулу Мақсаты Вальс музыкасының ырғағын өзге музыкалардан ажырата білуге ұмтылдыру. Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев) Ән айту: «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) «Қыс келді» (Б. Жұмабекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва х.э. (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев) Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын х.э. (өңдеген Т. Попатенко)</p>	<p>қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет). Мақсаты - Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан</p>	<p>еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). Мақсаты Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Антарктида Антарктидада жыл бойы қыс болады. Пингвин – оның мекені.</p>	<p>жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру Мақсаты Вальс музыкасының ырғағын өзге музыкалардан ажырата білуге ұмтылдыру :Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев) Ән айту: «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) «Қыс келді» (Б. Жұмабекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва х.э. (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев)</p>
--	--	--	--	--	---

	алып келіп, сапқа тұрады. Допты сол қолмен лақтырады.		тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. (2 рет) Доптың артынан залдың сол немесе оң жағынан жүгіріп барып, алып келіп, сапқа тұрады. Допты сол қолмен лақтырады.	«Пингвиндер» ойын-жаттығуы Екі тіземен допты қысып алып жүру. Екі топқа бөлінеді. Екі топ екі тізбек болып тұрады. Бастаушы балалар екі тізе ортасына допты қысып, белгіленген жерге екі аяқпен секіріп барып, кері жүгіріп келіп, тізбектің соңына тұрады. Ойын осылай жалғаса береді.	Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын х.э. (өңдеген Т. Попатенко)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	Бақылау: Бұлтты бақылау. Мақсаты: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады.(Бұлт). Еңбек: Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау. Мақсаты: Қар тазалаушы машиналардың	Бақылау: Мұзды бақылау. Мақсаты: Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. Еңбек: Тайғанақ жерге құм себу. Мақсаты: Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тия-	Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Еңбек: «Таза алаң». Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке	Бақылау: Мұздақты бақылау. Мақсаты: Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. Еңбек: Ағаш түптеріне қар үю.	Бақылау: Күнді бақылау. Мақсаты: Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. Еңбек: «Қыс қызығы». Мақсаты: Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын

	<p>адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету.</p> <p>Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ, Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт</p> <p>Мақсаты: Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p>Қим.ойын: «Мені қуып жет».</p> <p>Мақсаты: Шапшандыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту.</p>	<p>нақты орындауларын қадағалау. Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату.</p> <p>Жаңа жыл, жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр. Жасыл шырша жанында Жадырап бар бала жүр.</p> <p>Мақсаты: Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді қатесіз дұрыс айтуға үйрету.</p> <p>Ойын: «Тышқан мен мысық».</p> <p>Мақсаты: Шапшандыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету.</p>	<p>үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.</p> <p>Ойын: «Қасқыр мен қаздар».</p> <p>Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.</p> <p>Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи».</p>	<p>Мақсаты: Еңбекқорлыққа үйрету.</p> <p>Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру.</p> <p>Жеке жұмыс: Жұмбақ жаттату“</p> <p>Отқа жанбас, Суға батпас” (мұз)</p> <p>Мақсаты: Мұз туралы түсінік беру. Жұмбақ жаттату арқылы сөздік қорын молату.</p> <p>Есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p>Қимылдық ойын: «Қазан».</p> <p>Мақсаты: Бірлесіп ойнауға шақыру.</p> <p>Балалардың көңілдерін көтеру.</p>	<p>әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Жеке жұмыс: Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды.</p> <p>(Күн)</p> <p>Мақсаты: Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.</p> <p>Қимылды ойын: «Айгөлек».</p> <p>Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшандыққа , ептілікке баулу.</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану,</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін</p>

	келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	үйреніп кететіне сеніңіз.	тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
--	---	---------------------------	--	--	--